

«Келісілді»
«ШҚО кәсіптік білім беру орталығы»
КММ директорының м.а.



Л. Кездикбаева

«__» _____ 2023 ж.



«Бекітемін»
«Катонқарағай аграрлық-техникалық
колледжі» КММ директоры

А. Байгунусов

«__» _____ 2023 ж.

ШҚО колледждерінің студенттері арасындағы
«Үздік жер өңдеуші» облыстық кәсіби шеберлік байқауының
ЕРЕЖЕСІ

Өскемен қаласы, 2023 ж.

Жалпы ережелер

Осы Ереже ШҚО колледждерінің студенттері арасындағы «Үздік жер өңдеуші» облыстық кәсіби шеберлік байқауының (бұдан әрі - Байқау) мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру, өткізу, қорытынды шығару және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

Байқаудың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты - студенттердің кәсіптік даярлығының сапасын анықтау және деңгейін арттыру, «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисі» мамандығын дәріптеу.

Міндеттері:

- студенттердің шығармашылық белсенділігін дамыту;
- болашақ білікті мамандарды оқытуды ұйымдастыруды жетілдіру.

Байқауды ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету

Байқауды ұйымдастырушылар: «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ; «Катонқарағай аграрлық-техникалық колледжі» КММ.

Байқауды дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және іске асыру үшін колледж оқытушылары арасынан ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитетінің қызметі:

- Байқауды өткізу туралы Ережені әзірлейді;
- Байқауды дайындау мен өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады;
- Байқауды дайындау мен өткізу бойынша барлық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- Байқауға қатысушылардың жұмысын бағалау критерийлері мен шарттарын әзірлейді;
- қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

Мұхамедов Дамир Мырзабекұлы – директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары;

Карыбаева Асель Серикқызы – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

Турабаев Ерлік Майданбекұлы – аға шебер;

Смагулова Жаныл Әбдіканқызы – әдіскер;

Скаков Ергали Оразұлы – арнайы пәндер оқытушысы;

Мамадилов Советкан Мұқышұлы – арнайы пәндер оқытушысы;

Нигметов Берік Пазылұлы – арнайы пәндер оқытушысы;

Прудский Владимир Валерьевич – өндірістік оқыту шебері;

Камарьянов Оразкан Камарьянұлы – оқу шаруашылығының меңгерушісі;

Сагдинова Роза Ғалымқызы – шаруашылық меңгерушісі.

Эксперттік комиссияның құрамы:

Төрағасы / төрайымы:

Утепова Замзагуль Шаймухамедовна – «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ директорының орынбасары (келісім бойынша).

Мүшелері:

Канапин Болат Жабашканұлы – «Атамекен» ҰКП Катонқарағай ауданы филиалының директоры;

Касенев Данияр Муратұлы – Катонқарағай ауданының ауыл шаруашылық бөлімінің басшысы;

Матасов Анатолий Петрович – «Жас Қанат» Шаруа қожалығының басшысы;

Камбаров Токтаркан Ерболатұлы – «Тамерлан» Шаруа қожалығының басшысы;

Веригин Дмитрий Николаевич – «Селигер» Шаруа қожалығының басшысы;

Солтанбаев Өмірзақ Маратұлы – Катонқарағай ауданы бойынша мемтехқадағалаушы.

Байқау қатысушылары

Байқауға «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығы, «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисі» біліктілігі бойынша колледждердің бітіруші топтарының студенттері қатыса алады. Әр колледжден бір студент және бір тәлімгер жіберіледі. Қатысушылардың киім үлгісінде колледж атауы мен эмблемасы болуы керек. Өзімен бірге жеке куәлігі, колледжде оқитыны туралы растайтын анықтама қағазы, арнайы киім және бас киім, қолғап, шүберек болу қажет.

Қатысушылардың тәлімгерлері көрермен ретінде әрекет етеді.

Байқауға қатысу үшін өтінімдерді *1 қосымшаға* сәйкес **2023 жылғы 14 сәуірге дейін** kkat_kollegh2012@mai.ru электронды мекен-жайына жолдау қажет.

Жауаптылардың ТАӘ	Лауазымы	Байланыс телефоны
Мұхамедов Дамир Мырзабекұлы	директордың ОӨЖ жөніндегі орынбасары	8 700 224 13 75
Турабаев Ерлік Майданбекұлы	аға шебер	8 700 669 04 13

Қатысушылардың және тәлімгерлердің іссапар шығындары жіберуші тараптың есебінен, тұру жағдайларын қабылдаушы тарап қамтамасыз етеді.

Байқауды өткізу тәртібі

Өткізу орны: «Катонқарағай аграрлық-техникалық колледжі» КММ;

Өткізу күні: **2023 жылғы 19 сәуір** (*ауа-райы жағдайына байланысты өзгеруі мүмкін*).

Басталуы: сағат 09.00-де

Аяқталуы: сағат 16.30-да

№	Кезеңнің атауы	Өткізу орны	Уақыты	Жауаптылар
1	Сәлемдесу	«Катонқарағай аграрлық-техникалық колледжі» КММ акт залы	09.00 – 09.50	А. Карыбаева Ж. Смагулова

2	Теориялық кезең	«Катонқарағай аграрлық-техникалық колледжі» КММ техника сақтау аумағы	09.50 – 12.00	Е. Турабаев Е. Скаков С. Мамадилов Б. Нигметов
3	Түскі ас	«Катонқарағай аграрлық-техникалық колледжі» КММ асханасы	12.00 – 13.00	А. Карыбаева Р. Сагдинова
4	Практикалық кезең	«Катонқарағай аграрлық-техникалық колледжі» КММ оқу шаруашылығының алқабы	13.00 – 16.00	Е. Турабаев О. Камарьянов В. Прудский К. Нургазин
5	Қорытындылау	«Катонқарағай аграрлық-техникалық колледжі» КММ акт залы	16.00 – 16.30	Д. Мұхамедов А. Карыбаева Ж. Смагулова

Байқау жеке сынақ бойынша өткізіледі және үш кезеңнен тұрады.

Қатысушының сәлемдесу карточкасы. Қатысушылар ұзақтығы 3 минутты құрайтын өздері және оқу орны туралы бейнеролик ұсынады, бағалаудың ең жоғары ұпай саны 5 (бес)

Теориялық кезең «Тестілеу» арнайы пәндердің бағдарламалары бойынша өткізіледі. Қатысушы трактордың жүйелерін немесе механизмдерін реттеу / баптау / ауылшаруашылық машинаны дайындау, сондай-ақ ЕҚ және ТҚ іс-шараларды орындау, түсіндіріп-көрсету әдісімен жасалынатын жұмыстарды жүзеге асырады. Тестілеу өткізу кезеңінде қатысушылар техника тұрақ аумағындағы тракторлар және ауылшаруашылық агрегаттарды пайдалана отырып, «Тракторлар құрылысы», «Машиналарға техникалық күтім жасау және жөндеу», «АШМ», «Еңбекті қорғау» пәндері бойынша дайындалады. Әр қатысушы ұсынылған 3 сұрақтан тұратын 12 тесттің 1-уіне жауап береді, дайындалуға 15 минут уақыт белгіленеді. Тапсырма орындау кезінде әрбір дұрыс жауап үшін 5 ұпай беріледі, ең жоғары ұпай саны 15 ұпайға бағаланады.

Практикалық кезең Катонқарағай аграрлық-техникалық колледжінің оқу шаруашылығының алқабында өткізіледі (2 қосымша) және келесі операциялардан тұрады: жырту агрегатын жұмысқа дайындау, бірінші дайындық жолағын жасау, жер жырту. 10 элемент бойынша баға беріледі (3 қосымша), әрбір дұрыс орындалған элемент үшін 10 ұпай беріледі, ең жоғары ұпай саны 100 ұпайға бағаланады.

Практикалық кезең барысында келесі шарттар сақталуы қажет:

- тапсырманы орындау үшін әрбір қатысушыға 30 минут беріледі;
- жер жырту агрегаты жарыс басталмас бұрын тұрақ орнында тұрады, одан кейін учаскенің бұрылыс алаңына қойылады;
- қатысушылар жер жырту агрегатының жылдамдығын өздері таңдайды;
- дайындық бороздасын жасағаннан кейін судьялар жұмысқа баға беру үшін қатысушылар жер жырту агрегатын тоқтату керек.
- тапсырма орындалғаннан кейін агрегатты тұраққа қою қажет.

Тапсырманы орындау кезінде жер жыртудың тереңдігін өлшеу-тексеру, соқаны реттеу-баптау және басқа да қажетті жұмыстар жасау үшін қатысушыға жер жырту агрегатын тоқтатуға рұқсат етіледі. Осы әрекетті жасауға жұмсалған уақыты өтелмейді. Агрегаттың ақауын жою үшін жұмсалған уақыт тапсырма орындаудың жалпы уақытына қосылады.

Қатысушыларға келесі жағдайлар орын алғанда тыйым салынады:

- жер жырту жұмысын түзету;
- басқа адамдардың көмегін немесе кеңесті пайдалану;
- жыртылған жерінің үстімен өтуге (ақырғы жұмыс жүрісінің бір ізінен басқа жағдайда).

Байқаудың ережесінде белгіленген шарттарды бұзу үшін эксперттік комиссия шешімімен қатысушыға 5 ұпайға дейін айыппұл салынады.

Жер жыртудың сапасын бағалау әдістемесі

Элементтің №	Бағалау көрсеткіші	Ұпайлардың ең жоғары саны
1	Бірінші дайындық жолағы	10
2	Жаба жыртудың бетіндегі формасы және сапасы	10
3	Жер жыртудың тереңдігін сақтау	10
4	Соқаның дайындауға (реттеуге) байланысты оның жұмыс сапасы	10
5	Жер жыртудың бетінің түрі	10
6	Жер жыртудың түзулігі	10
7	Агрегаттың соңғы өтуіне дейінгі жыртылмаған жолақтың мөлшері мен формасы	10
8	Аша жырту жолағының сапасы	10
9	Соқаның көтеру және тереңдету шекараларын сақтау	10
10	Жыртатын учаскенің шеткі шекараларын сақтау	10
	Ұпайлардың жиыны	100

Байқауды материалдық қамтамасыз ету

Сәлемдесу карточкасын ұсыну үшін акт залы – бейнепроектор, ноутбук, аудио сүйемелдеумен жабдықталады.

Тестілеуге арналған техника тұрағы – тесттік тапсырмалар, қажетті құрал-жабдықтары (тулбокстар және арнайы жабдықтарының жиынтығы), ауылшаруашылық машиналар мен агрегаттар, 12 бірлік. (Байқаудың ұйымдастырушысы қамтамасыз етеді).

Оқу шаруашылығының алқабы – ПЛН-3-35 жер жырту соқалары бар МТЗ-82 тракторлары, 3 бірлік. (Байқаудың ұйымдастырушысы қамтамасыз етеді).

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау

Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлері ШҚО білім басқармасы кәсіптік білім беру орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады. Қатысушыларға сертификаттар табысталады, онда қатысушылардың тәлімгерлері көрсетіледі. Сондай-ақ, «Үздік тәжірибелі маман», «Үздік жер жыртушы» номинациялары беріледі.

«Үздік жер өңдеуші» облыстық кәсіби шеберлік
байқауының ұйымдастыру комитеті
«Катонқарағай аграрлық-техникалық колледжі»
КММ-не

Қатысу үшін өтінім

Оқу мекемесінің атауы _____

Қатысушының Т.А.Ә.	Мамандық/ біліктілік	Оқу курсы	Байланыс телефоны

Тәлімгердің Т.А.Ә.	Лауазымы	Жұмыс өтілі / санаты	Байланыс телефоны

Байқауды өткізу Ережесімен танысып, байқауға қатысуға ниет білдіреміз,
өткізу шарттарымен келісеміз.

Қатысушының қолы _____

Тәлімгердің қолы _____

"Үздік жер өңдеуші - Лучший земледелец" облыстық байқаудың өткізуге арналған жер алаңының сызбасы (1 қатысушыға)



тракторлар тұрақ орны

ҚАТЫСУШЫНЫҢ ЕСЕП КАРТОЧКАСЫ

Учаскенің № _____
 Жұмыс басталуы _____
 Жұмыс аяқталуы _____

Элементтің №	Жер жырту элементтері	Айыппұл ұпайлар	Нақты баға
1	Жер жыртуға арналған агрегатты дайындау (20 ұпай) А) тракторды дайындау – 5 ұпай Б) соқаны дайындау – 5 ұпай В) жер жыртуға арналған агрегатты дайындау кезіндегі техника қауіпсіздігі – 10 ұпай		
2	Бірінші дайындық жолағы (10 ұпай) А) түзулігі – 3 ұпай Б) тереңдігі – 4 ұпай В) жер жыртудың толықтығы – 3 ұпай		
3	Жаба жыртудың сапасы (10 ұпай) А) түзулігі – 7 ұпай Б) жотаның биіктігі – 3 ұпай		
4	Жер жыртудың тереңдігін сақтау (10 ұпай)		
5	Жер жыртудың бетінің түрі (10 ұпай) А) параллельдік – 5 ұпай Б) жолағының ені – 5 ұпай		
6	Жоталардың айқын формалары (10 ұпай)		
7	Аша жырту жолағының сапасы (10 ұпай)		
8	Соқаның көтеру және тереңдету шекараларын сақтау (10 ұпай)		
9	Жырту учаскесінің шеткі шекараларын сақтау (10 ұпай)		
	Ұпайлардың жалпы сомасы: 100		

Эксперттік комиссия мүшелерінің Т.А.Ә.: _____

